



*Ауыл шаруашылығындағы минералды
тыңайтқыш-азық-түліктегі нитраттар*

Тыңайтқыштар — құрамында қоректік элементтер болатын заттар. Өсімдіктердің толық, өсіп-жетілуіне қажет элементті қоректік элемент дейді. Өсімдіктердің өсіп, өнім беруі үшін қажет қоректік элементтердің маңызы ерекше. Фотосинтез кезінде өсімдіктердің жапырағы арқылы және топырақтан алатын химиялық элементтерінің саны 50 шақты.


Тыңайтқыштарды жіктеу
Шығу тегіне қарай органикалық және
бейорганикалық тыңайтқыштар деп,
ал агрегаттық күйіне қарай
тыңайтқыштар қатты (селитра,
фосфор тұздары) және сұйық (аммиак
суы) болып бөлінеді.





Ауыл шаруашылығы практикасында егіншілікті химияландыру, оны жедел дамытудың қуатты факторы екенін сенімді дәлелден берді. Мысалы, азотты тыңайтқыш астық дәніндегі белок мөлшерін арттырады, фосфорлы тыңайтқыш зығыр талшығының сапасын жақсартады, зығыр, күнбағыс тағы басқа дақылдар тұқымындағы май мөлшерін көбейтеді. Калий тыңайтқышы кант қызылшасы тамырының қант, картоптың крахмал мөлшерін арттырады.





Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі - тамақ өнімдерінің оларды әдеттегі жағдайда пайдалану кезінде зиянды болып табылмайтындығы мен қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығына қауіп туғызбайтындығына негізделген сенімділік күйінің болуы. Тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды теңестіру - белгілі бір тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды нормативтік, техникалық құжаттардың талаптарына және оларға қоса берілетін құжаттардағы және жапсырмалардағы ақпараттарға сәйкестікке келтіру жөніндегі қызмет;

